

Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесін бекіту туралы

Құшпін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.18. N 246 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесі бекітілсін. <*>

Ескерту. Тақырыбы және кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 5 с ә у і р д е г і
N 4 1 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану
және қорғау
ережесі <*>**

Ескерту. Тақырыбы өзгерді, мәтін бойынша сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

1. Балықтарды және басқа су жәндіктерін кәсіпшілік аулау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін не кәсіпшілік балық қорларын жетілдіруге арналған мәні бар Қазақстан Республикасының барлық су қоймалары (аумақтық сулар, ішкі теңіздер, өзендер, көлдер, тоғандар, су бөгендері мен олардың қосымша сулары) балық шаруашылық су қоймалары деп саналады.

2. Балық қорлары мен басқа да су жәндіктерін қорғау, осы Ереженің талаптарын, Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін, басқа да су жәндіктері кәсіпшілігінің шарттарын сақтауға, сондай-ақ балық шаруашылық су қоймаларында балық қорларын

жетілдіру және мелиорация жөніндегі шараларды өткізуге мемлекеттік бақылау жасауды балық ресурстарын және басқа да су жәндіктерін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті органдар (бұдан әрі - арнайы уәкілетті орган) жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

3. Балық шаруашылық су қоймаларында балық аулау ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін арнайы уәкілетті орган тиісті ғылыми ұйымдардың ұсынымдары мен табиғат пайдаланушылардың (заңды және жеке тұлғалардың) ұсыныстары негізінде әзірлейді. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

4. Табиғат пайдаланушылар үшін су қоймалары немесе су қоймаларының жекелеген телімдерін бекітіп беру және оларға балықтарды кәсіпшілік аулауға, басқа да су жәндіктерін аулауға құқық беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай құзыры бар атқарушы өкімет органдары қабылдайды.

Атқарушы өкімет органдарының көрсетілген шешімдері конкурстық (тендер) комиссияның шешімі негізінде қабылданады. Табиғат пайдаланушылар арасында балықтар мен басқа да су жәндіктерін аулау лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі шешімдерді арнайы уәкілетті орган конкурстық (тендер) комиссия шешімінің негізінде қабылдайды. <*>

Осы шешімдер қабылданған соң табиғат пайдаланушылар мен арнайы уәкілетті органдар арасында су қоймаларын пайдалануға, балықтар мен басқа да су жәндіктерін аулауға шарт жасалады.

Су қоймалары көлдердің тауарлы (қолдан өсірілетін балықтар) шаруашылықтарын құруға, әуесқой және спорттық балық аулауды ұйымдастыруға арналған сияқты балық аулауды және басқа да су жәндіктерін аулауды жүзеге асыру үшін де бөлінуі мүмкін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

5. Кәсіпшілік телімдердің жағалауынан шеткері орналасқан ірі балық шаруашылық су қоймаларынан балықтарды және басқа су жәндіктерін аулау арнайы уәкілетті органдардың әрбір кемеге немесе аулаудың кәсіпшілік құралдарына, звеноға немесе әрбір бригадаға берген рұқсаттары (лицензиялары) бойынша жүзеге асырылады.

6. Көлік және гидротехникалық құрылғылар, темір жол көпірлерінің, сауда және әскери порттардың, айлақтардың кеме, жасау және кеме жөндеу заводтарының, нығайтылған аудандардың, әскери лагерьлердің жерлері белдеуінде орналасқан балық кәсіпшілігі телімдерінде балық аулауға құқықты

онда өз пайдалануында жер белдеулері орналасқан ұйымдармен келісім бойынша арнайы уәкілетті органдар береді.

7. Ғылыми ұйымдар арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен барлық балық шаруашылық су қоймаларында кез-келген уақытта және кез-келген аулау құралдарымен зерттеу мақсаттары үшін балық және басқа су жәндіктерін аулауды жүзеге асыра алады. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

8. Табиғат қорғау заңнамасы мен осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, барлық су қоймаларынан балықтарды әуесқойлық және спорттық аулауға, жеке тұтыну үшін басқа да су жәндіктерін аулауға барлық азаматтарға рұқсат етіледі.
< * >

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

9. Шекаралық суларда (су қоймаларында) өнеркәсіптік мақсатқа және жеке тұтыну үшін балықтарды және басқа су жәндіктерін аулау барысында шекаралық режимге қатысты ережелер сақталуы керек.

10. Балық аулау мұқтажы үшін (қоржынды ауды тарту, аулау құралдарын кептіру мен жөндеу, кемелерді жөндеу, тетіктерді қондыру, уақытша тұрғын және өндірістік құрылыстарды салу мен басқа да жұмыстарды жүргізу) табиғат пайдаланушыларға пайдалану көлемі мен тәртібін су және орман ресурстары мемлекеттік басқару органдарының келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдар белгілейтін жағалау белдеуін пайдалану құқы беріледі.

11. Кәсіпшілік телімдерде балықтар мен басқа да су жәндіктерін аулауға құқық берілген табиғат пайдаланушылар арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша өз күштерімен және өз қаржылары есебінен ау тартатын, жүзетін және басқа аулайтын жерлерді тазалауды жүзеге асыруға, аулау құралдарын іріктеу жерлеріндегі жағалау телімдерінің тиісті санитарлық жағдайын ұстауға міндетті.

12. Су жәндіктерінің кейбір түрлерінің қорларын пайдалануды ұтымды жүзеге асыру мақсатында олардың пайдалануына лимит пен квота (үлес) белгіленуі мұмкін .

Балық аулау мен басқа да су жәндіктеріне лимит пен квотаны белгіленген заңдық тәртіппен Республика Үкіметі бекітеді.

13. Су жәндіктерінің кейбір түрлерін сақтау мен ұдайы өндіру мақсатында оларды белгіленген су қоймаларында (су қоймалары телімдерінде) немесе белгіленген мерзімдерде пайдалануға шаралар мен шек қойылуы белгіленуі мұмкін .
< * >

Балық және басқа да су жәндіктерін аулауға шаралар салу мен мұндай шек қою белгіленген тәртіппен бекітілген республика су қоймаларында балық аулау ережелерінде ескертіледі. <*>

а) балық шаруашылығы су қоймаларында, жағалауларға және мұздың үстіне өндірістік, коммуналдық, ауыл шаруашылығының және басқа кәсіпорындардың, көліктің барлық түрінің тазаланбаған және залалсыздандырылмаған қалдық суларын, сондай-ақ өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтар мен қ о қ ы с т а р д ы т ө г у г е ;

ә) арнайы уәкілетті органдардың келісімінсіз үйінділер жасауға және балық уылдырық шашқан су жайылған телімдердегі бұзылған үйінділерді қалпына келтіруді жүзеге асыруға ;

б) өзендерге, сағаларға және каналдарға бөгеттер және жаппай тосқауылдар жасауға, балық арнайы уәкілетті органдардың келісімімен жүргізілетін санитарлық, гидротехникалық, мелиорациялық шаралардан басқа жағдайда, тоғандардың, көлдердің суын ысырып ағызуға ;

в) балық арнайы уәкілетті органдардың келісімінсіз өзендердің бекіре және лосось балықтар уылдырық шашатын жерлерін сал жүргізу арқылы ағаш т а с ы м а л д а у ғ а п а й д а л а н у ғ а ;

г) мұздың үстіне және балық шаруашылықтарының су жайылатын жағалауларына ағаштарды бұтақтағанда, жағаға үйгенде, мұзға үйгенде, сондай-ақ сал үшін құрылыс салу барысында пайда болатын жаңқаларды, қабықтарды, кесілген ағаштың ұнтақтары мен басқа да қалдықтарды қалдыруға ;

Сал жүргізуші ұйымдар осы мақсатқа пайдаланылатын балық шаруашылығы су қоймаларын батып кеткен ағаштардан және басқа қалдықтардан үнемі тазалап о т ы р у ғ а м і н д е т т і ;

ғ) бағалы кәсіпшілік балықтардың ұрық шашуын қорғайтын кесуге рұқсат етілмейтін орман бөліктерінде, сондай-ақ бекіре, лосось балықтарын өсіретін заводтар, шаруашылықтар ауданындағы су қоймалары жағалауынан үш шақырымға дейінгі ормандарда (орманды күту, санитарлық, орманды қалпына келтіру үшін ағаштарды іріктеп кесу мақсатынан басқа) ағаш дайындау ж ұ м ы с т а р ы н жү р г і з у г е ;

д) балық шаруашылық маңызы бар өзендерде оның арасының үштен екі бөлігінен артық жерлерді алатын қоршаулар жасауға ;

е) балық шаруашылығы су қоймаларында арнайы уәкілетті органдардың рұқсатынсыз өзеннің саязданған бөліктерінде кеме және ағаш тасымалдайтын салдар жүруі үшін судың түбін тереңдетудің шұғыл жұмыстарынан, салды өзендерге амалсыз жол ашу, мұз көшкіні және тасқын кезінде аварияны болдырмау жөніндегі жұмыстардан басқа жағдайда, жарылыстар жасауға.

Аталған жағдайларда жарылыс жұмыстарын жүргізу жөнінде арнайы уәкілетті органдарға тез арада хабар беру керек ;

ж) жарылғыш және улы заттарды қолдана отырып балық және басқа су жәндіктерін аулауға, сондай-ақ балық аулау кезінде ататын және басқа тыйым салынған аулау құралдарын қолдануға;

з) аулау құралын өзеннің немесе сағаның енінің үштен бірінен артық бөлігіне орналастыруға;

и) судың түбін тереңдету немесе оны тазалау жұмыстары кезінде алынған топырақты балық уылдырық шашатын жерлерге және қыстайтын шұңқырларға төгуге, сондай-ақ балық шаруашылық су қоймаларында зығыр, сора, тері жууға;

к) арнайы уәкілетті органдардың келісімінсіз балық аулауға рұқсат етілмейтін жерлерде су өсімдіктерін дайындауға;

қ) балық шаруашылығы су қоймаларына жақын жерлерде белгіленген ережені сақтамай балық қорлары мен басқа да су жәндіктері мен өсімдіктеріне зиян келтіретін өсімдік қорғау, олардың өсуіне ықпал ету құралдарын, минералды тыңайтқыштар мен басқа да құралдарды тасымалдауға, сақтауға және қолдануға;

л) бағалы балық түрлерін, теңіз ұсақ жәндіктерін, су омыртқасыздарын, уылдырықты, сондай-ақ теңіз жәндіктерінің терілері мен осы биоқорлардың басқа да өнімдерін ауланған жерлерде тиісті рұқсатсыз сатып алуға және сатуға немесе басқа жолмен алуға;

м) балық шаруашылығы су қоймаларында арнайы уәкілетті органдардың рұқсатынсыз балықтарды және басқа су жәндіктері мен өсімдіктерін жерсіндіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді. <*>

Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

15. Балық шаруашылығы су қоймаларынан кәсіпорындар қажеті мен суландыру үшін су қоршап алуды тек арнайы уәкілетті органдардың келісімімен балықтың су қорғаны құрылысына түсуінен қорғау үшін арнаулы қондырғылар орнатылған жағдайда ғана жүргізуге болады.

16. Балық шаруашылығы су қоймалары жанынан кәсіпорындар, ғимараттар және басқа да объектілер орналастыру, жобалау, салу, жаңаларын пайдалануға беру, барларын қайта жаңғырту, кеңейту кезінде, сондай-ақ осы су қоймалары мен оған таяу жерлерде (аймағында) басқа да түрлі жұмыстар жүргізгенде бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар меншік нысанына қарамастан, табиғат пайдаланушылар арнайы уәкілетті органдардың келісімімен жобалар мен сметаларда балық қорын сақтау жөніндегі шарларды көздеуге және жүзеге асыруға, бөгеттер салғанда су қоймасын балық шаруашылығына толық пайдалануға міндетті. <*>

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

17. Арнайы уәкілетті органдардың басшылары, олардың орынбасарлары мен арнайы уәкілетті органдардың мемлекеттік инспекторлары мыналарға:

а) меншік нысанына қарамастан, табиғат пайдаланушылардың лауазымды адамдарынан осы Ереже Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жәндіктерін аулау ережесін бұзғандығы жөнінде түсініктеме беруін талап е т у г е ; < * >

ә) осы Ережеде және басқа нормативтік актілерде белгіленген балық аулау балық қорын қорғау ережесін бұзғаны туралы белгіленген тәртіппен хаттама толтырады. Тәртіп бұзушының кім екенін сол жерде анықтау мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік арнайы уәкілетті органдар инспекторы оларды ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы өкімет органдарына тапсыра алады;

б) осы Ереже мен басқа нормативтік актілерде белгіленген балық аулау және балық қорын қорғау ережесін бұзған адамдардан өз құзыры шеңберінде оларда бар қылмыс жасау, заңсыз балық, басқа да су жәндіктері мен өсімдіктерін аулау құралы болып табылатын аулау, жүзу құралдарын, басқа да көлік құралдары мен осы мақсатқа пайдаланған заттарын, тиісті құжаттарын алуға құқылы.

Заңсыз ауланған балық және басқа да су жәндіктері сол жерде немесе оларды қабылдау, өңдеу, өткізу пункттерінде де алынады және қажетті құжаттар толтыру арқылы сол кездегі баға бойынша балық қабылдау пункттеріне немесе с а у д а ұ й ы м д а р ы н а ө т к і з і л е д і .

Алынған аулау құралдары, жүзу және басқа да көлік құралдары тәртіп бұзушының жауапкершілігі туралы мәселе шешілгенше, Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша көзделмесе, арнайы уәкілетті органдардың базаларында немесе осы органдардың қалауы бойынша басқа ж е р л е р д е с а қ т а л а д ы .

Балық аулау ережесін, аталған Ережені және басқа нормативтік актілерді бұзу туралы қаралған істің нәтижесіне байланысты алынған аулау құралдары, жүзу және басқа көлік құралдары белгіленген тәртіп бойынша кәмпескеленеді немесе иесіне қайтарылады. Тыйым салынған аулау құралдары биоқорлар аулаумен шұғылданатын ұйымдарға сатылады немесе басқа мақсатқа пайдалануға мүмкін б о л м а ғ а н ж а ғ д а й д а ж о й ы л а д ы .

Балық аулау мен балық қорғау ережесін бұзушы адам табылмаған жағдайда ауланған балық пен қалдырып кеткен аулау құралдары мен жүзу құралдарын иесіз р е т і н д е арнайы уәкілетті органдар сатады;

в) белгіленген тәртіп бойынша мүліктерге, көлік құралдарына тексеру, аулау құралдары мен тәсіліне байқау, ауланған балықтарға және басқа су жәндіктеріне кәсіпшілік жерінде, қоймаларда, қабылдау пункттерінде, сондай-ақ кемелерде, басқа да көлік құралдарында тексеру жүргізеді;

г) қызмет бабымен жол жүргенде бағыты бір кемелерді, балық және басқа су жәндіктерін аулаумен шұғылданатын кәсіпорындардың, колхоздардың және басқа ұйымдардың түрлі көліктерін тегін пайдаланады;

ғ) осы Ереже мен басқа нормативтік актілерде белгіленген балық аулау және балық қорын қорғау ережесінің сақталуын тексеру үшін балық шаруашылығы қоймаларындағы кәсіпорындарға, гидротехникалық ғимараттарға және басқа да ұйымдар мен объектілерге тосқауылсыз кіреді және анықталған кемшілікті жою туралы міндетті түрде орындауға жататын нұсқаулар береді. Арнайы уәкілетті органдардың басшылары мен олардың орынбасарларына балық қорын және басқа су жәндіктерін, олардың тіршілік ететін ортасын, өсіп-өну және көшу жағдайын қорғау жөніндегі ереже, норма, басқа да талаптар жүйелі түрде бұзылған жағдайда оны қалпына келтіргенге дейін жұмысты тоқтатуға құқық беріледі. Айрықша режиммен жұмыс істейтін объектілерге кіру белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі;

д) кәсіпорындардың, колхоздардың және басқа табиғат пайдаланушы ұйымдардың олардың түрлері мен кәсіпшілік ауданы бойынша балық және басқа су жәндіктерін аулау жөніндегі есеп-қисап материалдарымен танысады;

е) балық және басқа су жәндіктерін аулаумен шұғылданатын кәсіпорындар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының балық аулау және балық қорын қорғау ережесіне сай келмейтін істері мен нұсқауларын тоқтатады және бұзады;

ж) осы Ереже мен басқа да нормативтік актілерде белгіленген балық аулау және балық қорын қорғау ережесін бұзу нәтижесінде балық шаруашылығына келтірілген зиянның орнын толтыру қаражатын мемлекет есебіне өндіріп алу жөнінде меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарға және ұйымдарға, сондай-ақ азаматтарға талап қояды;

з) балық аулау мен балық қорғау ережесін бұзуға жол берген лауазымды адамдар мен азаматтарға заңда белгіленген тәртіппен айып салынады.

Заңда көзделген жағдайларда аулау тәртібін бұзу туралы материалдар кінәлі адамдарды қылмыстық жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін белгіленген тәртіппен тиісті органдарға жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

18. Арнайы уәкілетті органдардың басшы қызметкерлеріне (мемлекеттік инспекторлардың құқын пайдаланушыларға) және мемлекеттік балық қорғау инспекторларына айырмашылық белгісі бар тегін пішімді киім-кешек және қызметтік борышын атқару кезінде қарумен жүруге құқық беріледі.